

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау

«Сырым аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-нің 2017 жылғы 8 айына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі туралы ақпарат

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес 2017 жылдың сегіз ай мерзіміне мекемеде ішкі талдау жұмысы қыркүйек айының 11 мен 14 күні аралығында жүргізілді.

Мекемеде құрылған жұмыс тобымен ішкі талдау жүргізу барысында төмендегідей нормативтік құқықтық актілер қарастырылды.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №147 бұйрығымен бекітілген «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Қағидалары», Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №144 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидалары», Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы №40 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары», Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген «Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидалары», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы №568 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі», Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды» жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы №648 бұйрығымен, 2016 жылғы 16 қарашадағы №429 «Сырым аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» қаулысымен бекітілген 2016 жылғы 21 желтоқсанда Сырым ауданы Әділет басқармасында тіркелген «Сырым аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесін мамандар қызметте басшылыққа алып жұмыстанған.

Талдау жүргізу кезеңінде бөлімде кадрлар ауысушылығы болмаған.

Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітілген. Бөлім қызметшілерінің штаттық саны – 13,

соның ішінде әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер – 4. Олар бөлім басшысы Қ.З. Молдағалиев, бас мамандар Р.К. Усағалиев, Г.А. Хангужина, жетекші маман-есепші А.Е. Кенжегарина. Техникалық қызметші саны – 9 адам.

Төрт мемлекеттік қызметшінің 4 аттестAUDAN өткен, 1 мемлекеттік қызметші «Атқаратын лауазымына сай келеді және мемлекеттік лауазымын жоғарылатуға ұсынылады» шешімін, үшеуі «Атқаратын мемлекеттік лауазымына сай келеді» деген комиссия шешімінің оң қорытындысын алған.

Заң бұзушылықтар анықталмаған, мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жазалар қолданылмаған.

Барлық мемлекеттік қызметшілер кірістер мен мүлкі туралы декларацияларды мемлекеттік кірістер басқармасына уақытында тапсырған. Штат құрамында бос орын анықталмаған.

2016 жылдың 8 айында бөлімде 689 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде 328 қызмет қағаз түрінде, 361 мемлекеттік қызмет электронды түрде көрсетілді.

Есепті мерзім ішінде бөлімде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша:

1.Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру- 34 қызмет.

2.Тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдер, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдер, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру-37 қызмет.

3.Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу-152 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

4.Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу – 4 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Төмендегі мемлекеттік қызметтер бойынша қызмет алушылар болған жоқ:

5.Тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл

